

Оңтүстік Қазақстан
шипажайлары

Оңтүстік Қазақстан облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1962 – 92 жылы Шымкент облысы деп аталды. Аумағы 117,3 мың км². Тұрғыны 2 788 653 адам (2015ж). Орталығы – Шымкент қаласы Солтүстігінде Қарағанды, шығысында Жамбыл, батысында Қызылорда облыстарымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектеседі. Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкенттен басқа), 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар.

Климаты

Облыстың климаты континенттік. Қысы қысқа, жұмсақ, қар жамылғысы жұқа, тұрақсыз. Қаңтар айының жылдық орташа температурасы солтүстігінде $-7 - 9^{\circ}\text{C}$, оңт-нде $-2 - 4^{\circ}\text{C}$. Жазы ұзақ, ыстық, қуаң және аңызакты. Шілде айының жылдық орташа температурасы $25 - 29^{\circ}\text{C}$. Шөлді аймағында жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100 – 150 мм, тау алдында 300 – 500 мм, биік таулы бөлігінде 800 мм.

«Манкент» шипажайы

«Манкент» шипажайы – еліміздегі ең байырғы демалыс орындарының бірі. Бұл шипажай сауықтыру және емдеу медицинадағы маңызды бағыттардың бірі болып саналады. 1210 метр тереңдіктен шығатын минералды су көптеген дертке шипа. Бұл судың құрамында адам ағзасына қажетті көптеген компоненттер (жиынтық қажеттілері) бар. Минералды сумен, асқазанды шайып, асқазан ішек жолдарын кеңейтуге, әйелдер ауруларына ем қабылдауға болады. «Манкент шипажайы» АҚ мынадай ем түрлерін ұсынады:

- Асқазан және ішек жолдары;
- Тірек-қимыл аппараты;
- Жүйке жүйесі органдары;
- Тыныс алу органдары;
- Урологиялық аурулар;
- Гинекологиялық аурулар;



«Арыс» шипажайы

1987 жылы ашылып, өз жұмысын темір жол қызметкерлерін емдеуден бастаған «Арыс» шипажайында 2500 метр тереңдіктен бірегей минералды су шығады. Сол секілді балшықпен емдеу де бар. 200 орындыққа арналған шипажай болып табылады. Емдік шипасы зор, адам ағзасына өте пайдалы. Шипажай Шымкент қаласынан 80 км қашықтықта орналасқан. Негізі 1987 жылы қаланған бұл шипажай Арыс қаласында салынған. Арыс қаласында тереңдігі 2500 метр жерден 85 градус температурадағы минералды су шығарылады. «Арыс» шипажайы – балшық қоймасы бар бірегей демалыс орындарының бірі. Шипажайдың ішінде-ақ аталған қызмет көрсету түрі қарастырылған.

- * Отбасымен демалуға таптырмас мекен (педиатр, балалар бөлмесі мен балаларға арналған алаңқай бар) ;
- * Бос уақытыңызды өткізу үшін кітапхана, биллиард және үстел теннисі бар;
- * Тренажер залы бар;



Сарыағаш шипажайы

Сарыағаш шипажайы – емдеу орны. Ауасы кұрғақ, жазы ыстық, ұзақ, қысы жұмсақ. Емге пайдаланатын минералды суының температурасы 49-52С. Құрамында кремний қышқылы, радиоактивті элементтер, азот, гидрокарбонат, натрий, калий, кальций, магний, алюминий, мыс, марганец, молибден және микроэлементтер бар. Бұл емдеу орнында ас қорыту органдарының қызметі, зат алмасуы бұзылған, жүйке жүйесі, қол-аяқ, тері, әйел ауруларымен сырқаттанғандар емделеді. Сарыағаш шипажайына тек біздің елдің азаматтары ғана емес, сырт мемлекеттен келетіндер жеткілікті. Медициналық қызмет көрсететін ұжым негізінен мына 5 бағытта қызмет көрсетеді:

- Психотерапия, күйзеліске қарсы күрес;
- Демалыс, спорттық ойындар, қозғалыс режимі;
- Тамақтану/диетотерапия;
- Артық салмақпен күрес;
- Ішімдік, темекі секілі зиянды әдеттермен күрес;



Алтын Бұлақ санаторий-профилакториі

Төрт жұлдызды Алтын Бұлақ санаторий-профилакториі Оңтүстік Қазақстан облысында, орман-саябақ аумағында, Сарыағаш минералды суы шығатын көздің жанында орналасқан. Сарыағаш суының құрамындағы натрий гидрокарбонаты, кремний және нафтен қышқылдары бұл суды көптеген ауруларды емдеу мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді.



«Арман» шипажайы

«Арман» шипажайында жоғары деңгейлі мамандар – гастроэнтеролог, терапевт, уролог, гинеколог, иглорефлексотерапевт, инфекционист, кардиолог, стоматолог, эндокринолог и жүрек емдеу медициналық қызметкерлер жұмыс жасайды. Шипажайдың негізгі емдеу факторы – Сарыағаш минералды суы. Ол өте мөлдір, таза, иссіз, дәмі тәтті және тұрғылықты химиялық құрамы бар – жайменералданған, натрилі, сілтілік су. Органикалық нафтеникалық қышқылдарды және кали микроэлементтерін, магни, кальци, натриді қамтиды.

«Жансая» шипажайы

«Жансая» санаторий-профилакторийі 2007 жылдан бастап жұмыс істейді. 1100 метр тереңдікке қазылған ұңғымалардың бірінен атқылап ағатын ыстық минералды су түрлі ауруларды емдеу үшін пайдаланады. «Жансая» шипажайы – кәміл тыныштық пен тепе-теңдік жағдайында ем қабылдауды қамтамасыз етеді. Бір мезетте 40 адамға дейін қабылдауға есептелген.



«Көктерек» шипажайы

«Көктерек» шипажайы – ОҚО, Сарыағаш қаласының табиғи ауданында орналасқан. Жылы климаттық жағдай, таза самал жел, күн сәулесі жарқыраған минералды су – барлық бағалы табиғи және климатикалық емдік факторлары денсаулықтың жақсаруына және организмнің емделуіне көмек береді.

